

Президент: «Базардағы бағаны өзім бақылауым»

Арқаның аязды күні премьер К.Мәсімов бастаған министрлер кабинеті сүліктей кара көліктерімен Ақордаға ағылып келді. Соңғы айларда Үкімет мүшелері, күш құрылымдарының жетекшілері, ұлттық компаниялардың басшылары жеке-жеке президент кабинетінде болып, есебін беріп, тапсырма алып шыққан. Бұған қарамастан, Елбасы шақырған жиында экономика мен қаржыға жауапты министрлерден бөлек, таяқтың ұшы мемлекет активтерін уысында ұстап отырған «Самұрық-Қазынаның» басшысына қаттырақ тиді.

Назарбаев Шөкеевке неге ұрысты?

Өмірзақ Шөкеев алдымен шетелден көп менеджер шақыруға әуестеніп кеткені үшін қатты сыналды.

Назарбаев: Олардың барлығы келетін болса, сендер неге керексіңдер? Соларға беріп қойып отырсыңдар? Сендердің керектерің жоқ. Сауат білмей ме жаңағыны жасауды, ұңғымалардың қуатын қалай арттыруды білмейсің бе?

Шөкеев: Жұмыс жасап жатырмыз. Топ-менеджерлердің айлығын азайттық. Қаптаған ұлттық компанияларды жаппай қысқартып, біріктіріп, жекеге сатып жатырмыз. «Самұрық-Қазынаның» шығындарын 519 миллиардқа кеміттім, бірақ... қордың шетелдегі тиімсіз 33 өкілдігін жабудағы күші жетпей жатыр. Көмектесіңізші...Маған күзирет керек.

Назарбаев: Сені тыңдамай ма? Сен жассың, білімдісің, күшің тасып тұр, саған өкілеттілік берілді, қызметің бар. Сен мені тыңдамайды деп шағымданбақсың ба? Тыңдаудың өзі ыңғайсыз. Кім тыңдамайды, ал айт? «Самұрық-Қазынада» Өмірзақты кім тыңдамайды?

Шөкеев: Ол жерде мүдде жетерлік, маған сіздің бір ауыз сөзіңіз керек, болды.

Досаев пен Сұлтанов қалай таяқ жеді?

Президент ұлттық экономика мен қаржы министрлері Ерболат Досаев пен Бақыт Сұлтановты да аяған жоқ. Себебі,

Нұрсұлтан Назарбаев экономикадағы өзгерістерді халыққа дұрыстап түсіндіре алмайтын министрлерге шүйлікті. Бюджет ақшасын үнемдей алмайтын ысырапшыл Үкіметтің жұмысына да көңілі толған жоқ. Министрлер кабинетін түгел Ақордаға шақыртып, кеңес өткізген президент елде азық-түлік құнының негізсіз өсуіне жол берілмейтінін мәлімдеп, базардағы бағаны тексеретінін қатал ескертті. Елбасыға тіпті ақшаны қалай үнемдеу керектігіне дейін үйретуіне тура келді.



әлемдік дағдарыс, мұнай мен газға бағаның түсуіне қарамастан, бюджет ақшасын орынсыз шашу тыйылмай отыр. Еліміздің бас есепшісі орнынан тұрғызған Елбасы оның кемшілігін бетіне басты.

Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

– Егер бізде жөні дұрыс Қаржы министрі болғанда, ол әрбір тиынды бақылап отырар еді. Ал сен сұрағанға бере бердің. Мен саған мемлекеттің қазынасын сеніп тапсырдым, ал сен – мемлекеттің қалтасысың. Мемлекеттің қазынасы мен қаржысын бақылап отыратын менің «жеке өкілімсің». Сендер мемлекеттің есебінен бәрін мейірімдісіңдер. Одан да Жәмішевті қойсақ, ол ешкіммен де сөйлеспейді. Бәлкім Жәмішев кейбіріне ұнамайтын шығар, маған да кей-кездері ұнамай кетеді, алайда оның тіке адам екені рас. Мемлекет мүддесі үшін сақтайды.

Жәмішев Қаржы министрі бола ма?

«Ақшаны үнеммен жұмсайды» деп мақталған Болат Жәмішев енді Қаржы министрі болып қайта тағайындалуы әбден мүмкін. Себебі, доллардың қымбаттап, теңгенің құнсыздануынан экспорт азайып, ішкі жалпы өнімнің баяулағаны байқалады.

Осы кезде азық-түлік, жанармай мен дәрі-дәрмекке бағаны қасақана көтеріп, пайда табуды көздегендер көбейген. Мұндай алыпсатарларды жазалауға пәрмен берген Елбасы елге инвестор тартудың әлі дұрыс жолға қойылмағанын сынға алды. Ал бұл шаруаға атсалысуы тиіс шетелдегі елшілер ұйықтап отыр.

Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

– Сыртқы істер министрлігі де айналысуы тиіс. Басқа немен айналыспақ?

Біз әлемдік саясат пен дипломатияны айқындайтын держава емеспіз. Бізде қайда барсаң да, елшілер немен айналысатынын білмейді. Өз істерін, экономиканы, тіпті білмейді...

«Айтшы, Арыстанбек, 550 жылдың ішінде, қазақ дәл осылай өмір сүрді ме?»

Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі экономикадағы ахуалдың құртына қанат бітіп жатқанда қатты ауырсынып, артынан осы қанатының арқасында ұшып шығатын көбелекке теңеді. Дағдарысты уақытша құбылыс деп атаған мемлекет басшысы орынсыз дүрлігу опық жегізетінін айтты.

Назарбаев: Ел аман, жұрт тыныш. Өз шаруаларын жасап жатыр. Дастарқанында тамағы бар, басында – үйі, астында машинасы бар. Қазақтың 550 жылдығын атап өттік қой. Айтшы, Арыстанбек, 550 жылдың ішінде, қазақ дәл осылай өмір сүрді ме, 1 күн?

Арыстанбек Мұхамедиялы, Мәдениет министрі: Енді Нұрсұлтан Әбішұлы, шынын айтқанда, бақытты кезде өмір сүріп жатырмыз ғой.

Назарбаев: Сен жауап бер сұрағым?

Мұхамедиялы: Тәуелсіздіктің, сіздің арқаңызда!

Назарбаев: Ертең мына сөзіңнен кейін даулассын сенімен ағайындар.

Елбасының сауалына «бақытты елде өмір сүріп жатырмыз» деген Мәдениет министрі жиыннан сын естімей шыққандардың бірі болды.

Ал экономика мен қаржыға жауаптыларды 2 жарым сағат бойы сілкілеген Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік қызмет туралы заңға қол қоймай, Парламентке қайтарып жіберді.

Енді зейнет жасына жетсе де, орынтағынан айырылғысы келмейтіндер портфелімен қош айтысуы мүмкін. Шектеудің тек президент тағайындайтын саяси қызметкерлерге ғана қатысы жоқ.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Қосымша күн салығы жойылмақ

Қосымша күн салығынан бірқатар кемшіліктер табылды. Енді оның орнын жаңа салық түрі басады. Бұл туралы «Алматы» телеарнасы «Іскерлер уақыты» бағдарламасының қонағы Алматы қалалық мемлекеттік кіріс департаментінің басқарма басшысы Еділ Әзімшайық мәлімдеді. Ол қосымша күн салығы бойынша жүргізілетін жүйеге тоқталды.

– Сатылымнан түсетін салықтың енгізілу себебі Елбасы айтып өткендей, қосылған күн салығынан бірқатар кемшіліктер табылды. Ол көптеген салық төлеушілердің қашуына әкеп соқты. Жалпы сатылымнан түсетін салық дегеніміз, тек

Қазақстанда ғана емес, біраз елде бар. Бұл салық түрі көптеген елде енгізілген. Зерттеу барысында осыны аңғардық. Мәселен, АҚШ-тан бастап көрші Қырғыз елінде де бар. Оларда салықтың атауы әртүрлі «айналымнан түсетін» деп те аталады, бірақ аты бөлек болғанымен, заты бір, – деді Е.Әзімшайық.

Сонымен қатар, бағдарлама жүргізушісінің «Әрбір сатылған заттың қанша пайыз көлемінде салық төленеді?» деп қойған сауалына шамамен 1%-дан 5% көлемінде деп қысқа қайырды.

«Ол әзірге нақты белгіленген жоқ. Шамамен 1-ден 5 пайызға дейінгі көлемде. Кейбіреулер 3 пайызды ұсынып отыр. Сондықтан әр салаға әртүрлі салық салу көзделген. Сатылымнан түсетін салық күн салығын алмастырады», – деді Алматы қалалық мемлекеттік кіріс департаментінің басқарма басшысы.

Елшілер қысқарады

Елбасы елшілердің саны мен сапасын сынға алды. Қазақстанның мүддесі бар елде ғана Елшілік қажет. Бұл туралы бүгін Ақордада өтіп жатқан ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты.

Елбасы өз сөзінде елімізге инвестиция тарту мәселесімен айналысатын бір адам болуы керектігін, қажет болса, оған арнайы мәртебе беру қажеттігін атап өтті.

«Сыртқы істер министрлігі онсыз да осымен айналысуы тиіс. Басқа немен айналыспақ? Біз әлемдік саясат пен дипломатияны айқындайтын держава емеспіз», – деді ҚР Президенті.

Осы ретте Мемлекет басшысы қай елге барсаң да, елшілердің немен айналысатындығын білмейтіндігін сынға алды.

«Өз істерін, экономиканы тіпті де білмейді. Сондықтан да бағдар мынадай болуы керек. Бұл жай-

ында біз министрлік кездесулерінде, алқа мәжілістерінде айтатын боламыз. Барлық жерде қажет болсын, болмасын елшіліктер негізсіз ұлғайтылған. Министрлікте мұндай елшілер қаншама? Ал біздерге қазіргі уақытта мұның қажеті жоқ. Біздерге қазіргі уақытта Қазақстанның мүддесі бар жерлерде қана өкілдік қажет», – деді Н.Назарбаев.



ШЕНЕУНІКТЕР КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРУДЕ

– Соңғы жылдары елімізде шағын және орта бизнестің, жалпы кәсіпкерліктің дамуына бөгет жасайтын кәсіпкерлік кедергілерді жою жөнінде шаралар қолданылып жатыр. Статистика көрсетіп отырғандай, мемлекеттік органдардағы лауазымды тұлғалар тарапынан азаматтардың заңды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға деген құқығын бұзушылықтар да тоқталар емес. Лауазымды тұлғалар тарапынан болатын осындай заңға қайшы әрекеттердің жағымсыз тенденциясы алаңдатады, – деп атады ӨКП өкілі.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер комитеті берген деректерге сүйенсек, 2014 жыл бойында кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау деректері бойынша 4 қылмыстық іс қозғалып, оның ішінде үш іс сотқа жолданған және бір іс мойнына алып, өкіну білдіргені үшін, яғни қайта ақтамайтын негіздемелермен тоқтатылды.

«Үстіміздегі жылдың 6 айында аталмыш санатта 17 қылмыстық құқық бұзу тіркеліп, оның ішінде үшеуі сотқа жолданып, үшеуі – қылмыстық құқық бұзу құрамының жоқтығынан тоқтатылды, ал жеті іс сотқа дейінгі тергеу сатысында жатыр. Аталмыш қылмыстың қоғамдық қауіпі оны мемлекеттік қызметті орындауға уәкілетті немесе оған теңестірілген тұлғаның жасауында болып отыр. Ол уәкілеттігін пайдаланып, кәсіпкерлікті дамыту жөнінде шаралар қолдануға тиіс. Аталмыш тұлғаның осындай заңға қайшы әрекеттері салдарынан мемлекеттік билік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының беделіне нұқсан келеді», – деп ақпарат берді Олег Савеленко.

Мысал ретінде Лихачева Е.И. ЖК «Ұлан» ЖШС өтініштері келтірілді. Сөйтіп, бірінші жағдайда дәріханалар желісінде жұмыс жасайтын кәсіпкер Шығыс Қазақстан облысы бойынша Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті департаменті басшысының орынбасары Л.Қусябғалиева жүзеге асырған көптеген заңсыз тексерістерге шағымданды.

Оның үстіне, шенеунік қолында заңды бұзудың дәлелді деректері жоқтығына қарамастан, кәсіпкердің компаниясы

Республикамызда жарты жыл ішінде лауазымды тұлғалардың заңды кәсіпкерлік қызметке 17 кедергі келтіру оқиғасы тіркеліпті. «Атамекен» ҚР ҰКП Сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің кезекті, бесінші отырысында Ұлттық палатаның Кәсіпкерлерді құқықтық қорғау департаментінің директоры Олег Савеленко осылай деп хабарлады.



имиджіне нұқсан келтіру мақсатында, қаладағы фармацевтикалық ұйымдар арасына мазмұны Лихачева Е.И. ЖК абыройы мен іскерлік беделін қаралайтын хаттар таратқан. ҰКП-ға сонымен бірге «Ұлан» ЖШС құрылыс компаниясы келіп жүгінген. Компания қызметіне Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі кедергі жасаған.

Фирма байқауда балабақша салуды жеңіп алғанмен, мемлекеттік орган басқа бір құрылыс компаниясымен шарт жасасады. Бұл әрекеттің заңсыз екенін сот та растаған. Ақырында сот шешімімен мемлекеттік орган екі ай өткен соң байқау жеңімпазы «Ұлан» ЖШС-мен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге шарт жасасуға мәжбүр болды.

«Кәсіпкерлік субъектісінің үстіміздегі жылдағы 9 ай бойында сотта ақтығын дәлелдеуіне тура келді. Бүгінде нысандағы жұмыстар басталған. Сонымен бірге, Қостанай қаласы әкімінің орынбасары К. Сәндібековпен бірге өткен жұмыс жиналысы хаттамасының негізінде «Ұлан» ЖШС алдыңғы жеткізуші салып кеткен іргетасты бұзу жұмыстары басталды. Құрылыс жұмыстарына «Стройметсервис-2007» ЖШС-н заңсыз түрде тартқан лауазымды тұлғалар кінәсінен нысан құрылысына бюджет екі есе шығындалды. Жергілікті атқару органдары әрекетінен мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманы бұзумен, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтірумен, құрылыс мерзімін әдейі созу және т.б. көрініс берген

қылмыс құрамын көруге болады», – деп атады ҚР ҰКП Кәсіпкерлерді құқықтық қорғау департаментінің директоры Олег Савеленко.

Оның айтуынша, биылғы жылдың қыркүйек айында сот сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған деген айып тағылған қалалық әкімдіктің бұрынғы қызметкерлері үшін қамау мерзімін созуды бекіткен.

ҚР ҰКП Сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Азат Перуашевтың пікірінше, «бұл жерде мәселе не құқық қолдануда не нормалардың өзін орнатуда».

«Еліміздің Президенті жақында Кәсіпкерлік кодекске қол қойды, онда көптеген жағымды нормалар бар. Мәселен, кәсіпкерлердің есептілігі сот керісінше жағдайды дәлелдемейінше жарамды болып табылатыны жайлы норма. Кәсіпкерлік кодекстің бірінші бабында айтылғандай, егер қандай да бір заңнама нормалары КК нормаларына қайшы келетін болса, онда Кәсіпкерлік кодекс нормасы әрекет етеді», – деп түсіндірді Азат Перуашев.

Осыған орай Кеңес басшысы ҰКП-ға кәсіпкерлер арасында Кәсіпкерлік кодекс нормаларын түсіндіру жұмыстарын күшейтуді және оларды белсенді түрде қолдануға ұсыныс берді. Сонымен бірге Кәсіпкерлік кодексте кәсіпкерлердің өзін-өзі қорғауы туралы норма бар екенін баса көрсетті, яғни кәсіпкерлердің жеке меншігін, кәсіпкерлік қызметін қорғау жөнінде әрекет жасауына құқығы күшейтілген.

Азат Перуашев сонымен қатар ШҚО және Қостанай облыстары Кәсіпкерлер палаталарына Кеңесте сөз болған кәсіпкерлер мәселелерін бақылауға алуды және Кеңесте қылмыстық іс жүргізу жайлы және қолданылған шаралар жайлы ақпарат беріп отыруды ұсынды.

– Барлық Өңірлік палаталардың кәсіпкерлер құқығын түсіндіру, мұндай жағдайларға дұрыс баға беру және Кәсіпкерлік кодексі нормаларын түсіндіру жұмыстарын белсендіруі қажет, – деп қорытты Азат Перуашев.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Темекі акцизі қымбаттай ма?

Темекінің қымбаттағаны дұрыс па? Елімізге контрабандалық темекі өнімдері жаппай ағылуы мүмкін.

Акциздердің бірден 3 есе қымбаттауының салдары осындай болады дейді осы салада жүрген кәсіпкерлер, деп хабарлады КТК арнасы.

Қазірдің өзінде арзан бағамен саудаланып жатқан шылымның басым бөлігі Ресей мен Қырғызстаннан жеткізілген контрабанда көрінеді. Дегенмен, бұл кәсіпкерлердің пікірімен мүлдем келіспейтіндер де көп.

Осындай ұйымдар елімізде шығарылатын әрбір мың темекінің акцизін 3900 теңгеден 12 мыңға

дейін көтеру жайлы ұсыныс жасапты. Егер мұны Үкімет қолдаса, бір қорап темекінің бағасы мың теңгеге дейін көтерілмек.

Қымбат шылым – осы жаман әдетке құмарлардың санын еселеп төмендетеді дейді белсенділер. Кәсіпкерлердің де өз уәжі бар. Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы баға саясаты бірдей емес. Егер акциз қымбаттаса, компаниялардың басым бөлігі көлеңкелі бизнеспен айналысып, бөлшек сауданы қадағалау қиындайын деп тұр.



Бензин бағасы екі есеге қымбаттай ма?

Танымал отандық сарапшы Денис Кривошеев елімізде бензин бағасы 220-230 теңге болады деп болжады. Ол бензиннің қымбаттауы оң нәтижелер беретініне сенімді. Бұл туралы Caravan.kz сайты жазады.

Бұған дейін бензинге акциздер 2015 жылдың 25 қарашасынан бастап Қазақстанда екі есеге артатыны хабарланған болатын.

«Бензин құны әлі күнге толықтай еркіне жіберілмеген. Жанармайдың нақты бағасы әлдеқайда жоғары... Мен бұған дейін баға литріне 140 теңге болып көтерілетінін болжаған болатымын. Солай болды да. Алайда одан кейін халықтың дүрлігуінен қорқып, бағаны күрт түсірді. Мұнай бағасын ескеретін болсақ, бензиннің 160-170 теңге тұруы – қалыпты жағдай. Мұның өзінде Ресей бензин бағасын көтермеген жағдайда. Ресейде бензиннің литріне 34 рубль алады. Алайда бағам өзгеруімен қоса, бензин де литріне 45 рубль болып көтерілетіні айтылды. Егер Ресей көтерсе, бізде литріне 220-230 теңге болады деп ойлаймын», – дейді Кривошеев.

Маманның ойынша, Ресей бензинді 40 рубльге көтерсе, Қазақстанда 180-185 теңге болады. Ал егер 50 рубль болса, біздің ел литріне 220 теңге ететін болады.

Сарапшы бензин қымбаттаса оң нәтижелер беретінін алға тартты.

– Бензин бағасы адамдардың көлікпен жүру-жүрмеуіне қатысты таңдауына әсер етеді. Алай-

да халық көп ұзамай өз таңдауын жасап, әлдеқайда экологиялық жанармай түрі – газға көшетін болады. Алматының жағдайын ескерсек, бұл жаман қадам болмайды. Ауаны ластауды доғару керек. Көп жағармай құртатын көліктер тиімсіз болып қалады... Не қымбаттайтыны маңызды емес. Маңыздысы – әр нәрсенің өз құнын табады. Ал тұрғындардың табысы өз орнында қалады. Сәйкесінше, тауар құны мен тауар құндылығының арақатынасы ауысатын болады. Бұл өте жақсы, – дейді Кривошеев.



ДОЛЛАРДЫҢ ҚҰНЫН 300 ТЕНГЕ КӨЛЕМІНДЕ БЕКІТІЛДІ

Бір айта кетер жайт, қазіргі қиын шаққа қарамастан, Қазақстан бұрынғыдай бюджеттің «әлеуметтік бағдарланған» сипатын сақтады: мемлекет әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындаумен шектелмей, әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттырады.

Бюджет биыл алғаш рет кештеу, жыл аяқталар тұста қабылданғалы отыр: бұрындары ол қыркүйек-қазан айларында-ақ Парламент қабырғасынан шығып, Ақордаға бет алатын. Бюджет кодексіне сәйкес, республикалық бюджетті Мәжіліс пен Сенат 1 желтоқсаннан қалдырмай қабылдауға міндетті. Бұл ретте үшжылдық құжатты алдымен – Төменгі палата, содан кейін Жоғарғы палата қарайды. Бұған екі аптадан аз уақыт бар. Министрлер кабинетінің өкілдері бұлайша кешігудің бір себебі ретінде «валютаның айырбас бағамының белгісіз болғанын» алға тартады.

Бір айта кетер жайт, ел Үкіметі қыркүйекте Парламентке енгізген 2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджеттің әу бастағы жобасында теңгенің айырбас бағамы 1 доллар үшін 250 теңге болады деген болжам белгіленген еді. Кейін Ұлттық банктің басшылығы ауысты да, АҚШ валютасының құны қаржыгерлер тілімен айтқанда, «жаңа тарихи биікті бағындырды».

Осы орайда кеше Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысынан шыққан министр Е.Досаевты журналистер сұрақтың астына алды. Баршаны қызықтырғаны келесі мәселе еді: «біржада қазір 308-ге теңелген, оның алдында 313 межесіне дейін жеткен доллардың құны бюджетте небары 300 теңгеге бағаланып отыр?»

– Біз Ұлттық банк ұсынған бағамды алдық, – деді Ерболат Асқарбекұлы. – Қазір де валютаның айырбас бағамы құбылуға. Курс бірде 308-ге жетеді, ал келесі күні 306-ға қайтады. Біз, Ұлттық экономика министрлігі де, Қаржы министрлігі де, Ұлттық банк те «1 доллар = 300 теңге» – бюджетті есептеу үшін сайма-сай бағам» деп санаймыз.

Теңге бағамына мұнайдың әлемдік нарықтағы бағасы да әсер етеді, егер «қара



Үкімет бір доллардың құнын 300 теңге көлемінде бекітті Осы бағам еліміздің алдағы үш жылғы басты қаржылық құжатына жазылып отыр. Бұл туралы кеше Мәжілісте Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев хабарлады.

алтын» құны келесі жылы қымбаттаса, теңге де салмақ қосуы ықтимал. Әзірге мұнайдың бағасы тек төмендеуде: кеше тіпті 40 доллардан да түсіп кетті. «Баррель құнын біз өзгеріссіз қалдырдық. Алдағы екі жыл бюджетінде мұнай бағасы 40 доллар тұрады деген болжам қалды. Рас, 2018 жылға «50 долларға көтеріледі» деген түспалды жазып отырмыз» деді Е.Досаев. Осылайша, Қазақстан сақтық танытуда. Мысалы, көрші Ресей өткен аптада мұнай бағасына қатысты болжамдарын 50 доллар көлемінде белгілеп, келер жылғы бюджеттерін соған сай есептеп шықты.

Министрдің айтуынша, Қазақстан экономикасының даму көрсеткіштері өзгеріске ұшырамаған. Атап айтқанда, еліміздің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ-нің) нақты өсімі 2016 жылы – 2,1%, 2017 жылы – 3,6%, 2018 жылы – 2,9%, 2019 жылы – 3%, ал 2020 жылы 3,1% болады деп күтіліп

отыр. Яғни тұтастай алғанда, алдағы бесжылдықта ел экономикасы қазіргі көлемінен тағы 15 пайызға өсуге тиіс.

Басты қаржылық құжат жобасында бензиннің акциздік алымдарының ставкалары көтерілетіні қарастырылған. Жақында ел Үкіметі №887 Қаулысын қабылдаған, ол бойынша бензиннің акциз салығы қазіргі 4500 және 5000 теңгеден екі есеге – 10 500 және 11 000 теңгеге дейін қымбаттайды.

«Бұл жайт бензин құнының да қымбаттауына алып келмей ме?» деп сұрады журналистер. Ұлттық экономика министрі «бұл мәселелердің өзара байланысты» болуы мүмкіндігін жоққа шығармады.

– Осының алдында бензин бағасы 128 теңгеге дейін өскен болатын, – деді ол. – Біздің ойымызша, нарық теңгерімге келді, қазіргі бағаммен жеткізгісі келетіндер қалды, қолай көрмегендер кетті. Акциздік

ставкалар неге көтерілуде? Сол арқылы бірінші кезекте, көтерме саудамен бензин жеткізушілердің бағаны қымбаттату есебінен алған қосымша табыстары бюджетке алып қойылады. Акциз – жергілікті бюджетке құйылатын алым, демек, жергілікті бюджеттер толығыады. Біздіңше, бұл – дұрыс.

Министр жанар-жағар май нарығының жағдайын өздерінің жеке қарайтындарын жеткізді. «Алдын ала айтарымыз: біз бұл мәселені зауыттармен талқылағанбыз, олар алда жеткізуді көздеп отырған ЖЖМ үшін бағаны бұрынғы көлемде қалдырмақ» деді Е.Досаев.

Сонымен бірге, ол АИ-92-93 маркалы бензин бағаларын реттеуден Үкіметтің бас тартқанын еске сала кетті. «Қайталап айтамыз: біз нарық жағдайында өмір сүрудеміз! Дегенмен, компаниялардың бағаны ретсіз өсірмеуін қадағалауға, сондай-ақ баға бойынша ымыраласу фактілеріне жол бермеуге Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті жауапты», – деп нықтады еліміздің бас экономисі.

Айтқандай, үшжылдық бюджет жобасына сәйкес, халықтың осал топтарын қолдау бойынша әлеуметтік маңызды іс-шаралар қолға алынады. Мысалы, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, азаматтық қызметшілердің жаңа еңбекақы төлеу моделі өмірге жолдама алады. Бұған бюджеттен қосымша 305,5 миллиард теңге бағытталуда.

Сонымен қатар мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 25 пайызға артады. Студенттердің стипендиялары да 25 пайызға өспек.

Базалық зейнетақыны 2018 жылдан бастап көтеру жоспарлануда.

Еліміз қандай экономикалық дағдарысты бастан кешсе де халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауы керек екенін Мемлекет басшысы атқарушы билікке қадап тұрып айтты. Сондықтан Үкіметтің алдағы жылдары доллар бағамы 300 теңгенің маңайында болады деп болжам жасап, бюджетті белгілеуі орынды шешім. Әлемдегі жағдай алай-түлей. Сол себепті түрлі жағдайға дайын болуымыз керек.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Болашақта теңге нығаятына сенуге бола ма?

Елімізде валютаға қатысты сұраныс пен ұсыныс теңесіп, орташа бір деңгейге келді. Енді күн сайын құрстың бірнеше теңгеге секіруі болмайды. Өйткені бірнеше факторлардың әсерінен кейін теңге бағамы тұрақтанып, өзінің позициясын бекіте түсті.

Бұл жайында Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеді.

– Қазіргі уақытта валютаға деген ұсыныс пен сұраныс теңесті. Енді валютаны алып-сатарлар азаятын болады, – дейді бас банкир Ақышев. – Валютаны айырбастап, курс арқылы пайда табу мүмкін болмайды. Теңгенің тұрақтануына мұнай бағасының өзгеруі мен көрші елдердегі экономикалық жағдайлар әсер етіп отыр. 5 қарашадан бастап Ұлттық банк қаржы нарығына өзінің қатысуын тоқтатты. Біз валютаға деген сұраныс пен ұсыныстың өзара теңгерім табуына кедергі келтірмей, мүмкіндік бердік. Бұл еліміздің алтын-валюта қорының сақталып қалуына және отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін шыңдауға жол ашады. Біз бұл саясатты ары қарай да жүргізе

береміз. Тек қаржы нарығында заңсыздықтар мен тұрақсыздықтар тумауын қатаң қадағалаймыз. Енді Ұлттық банк қалыптасқан валюта тұрақтылығын сақтап қалуға күш салуда. Мемлекет басшысы осы мәселе бойынша жұмыс атқаруға тапсырма берген болатын. Бұл тапсырмаларды орындауға бар мүмкіндікті пайдаланамыз. Сондықтан да бүгінде ақша-кредит саясатын бір қалыпқа келтіруді қолға алдық. Бұл жұмыстар жалғаса беретін болады.

Енді елдің қолында 20 мың теңгелік жаңа купюра пайда болады. Ұлттық банк төрағасы соңғы кездері ел арасына жайылып кеткен қауесетті жоққа шығармай, расында да ол мәселенің талқыланып жатқанын жеткізді. Осыған орай таяу уақытта арнайы мәлімдеме де жасалады.

Банк төрағасына брифингте ең көп қойылатын сауалға байланысты Д.Ақышев депозиттік салымды

бәрібір де теңгемен ұстау керектігін ескертті. Өйткені алда ұлттық валютаны тұрақтандыру мен қатар нығайту және сатулар мен өзге де алымдарды тек теңгемен жүргізу жайы қарастырылады.

«Бұл тек қана мәмілелерге ғана емес, сонымен бірге баға құрылымдауға, баға көрсетулерге де қатысты. Біз Қазақстанда тұрамыз және біздегі баға теңгемен болуы тиіс. Меніңше, бұл дұрыс құбылыс әрі оған азаматтарымыз қарсы болады деп ойламаймын. Ары қарай экономиканы долларсыздандыру саясатын жалғастыра береміз. Ол үшін біз экономикалық ынталандыру тетіктерін қолдануға дайынбыз. Яғни шетелдік валютаға қарағанда теңгемен сақтау тартымдылығын арттыратын тетіктер бар. Енді осы тетіктерді іске қосуға және мүмкіншілігінше оны жақын арада жүзеге асыруға кірісеміз. Елбасы ҚР Ұлттық банкіне теңгеге деген сенімін қайта орнықтыру тапсыр-



масын берді. Біздің пікірімізше, бірінші кезекте қазір мемлекеттік ақша-несиелік саясатын жүргізетін институт ретінде ҚР Ұлттық банкіне сенімді қалпына келтіруден басталуы керек. Сөйкесінше, біз бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен біздің қоғамға, халыққа атқарып жатқан шараларды жеткізе алатындығымызға сенім артып отырмыз, сондай-ақ инфляцияны реттеу бойынша, теңге төлемпаздығын реттеу тұрғысында, айырбастау бағамы жағдайы бойынша тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізуге дайынбыз», – дейді Ұлттық банк төрағасы.

Данияр Ақышев қоғамда күрт өскен инфляцияға

қатысты да өз ойын білдірді. Бағаны тұрақтандыру Ұлттық банктің басым бағыты болып саналатындығын айтқан ол, инфляцияны төмен деңгейде ұстап тұруға барымызды саламыз деп отыр. Мәселен, 2015 жылдың 10 айында инфляция 8,2 пайызға жетті. Негізі, үстіміздегі жылдың тамызы айына дейін құнсыздандудың төмен қалпы сақталып тұрды. Кейіннен теңге құнсыздана бастаған кезде ол да өсе түскен. Әсіресе, қыркүйек пен қазан айлары инфляция күрт көтеріліп кетті. Негізі, биылғы жылдың соңына дейін құнсызданду 6-8 пайыз көлемінде күтілген. 2016 жылы осы деңгей сақталады деген жоспар бар.

Кәсіпкерлер нан бағасының қымбаттау себебін түсіндіріп берді

Билік жақын арада нан бағасын көтеруге рұқсат бермесе, біз қызметімізді тоқтатуға мәжбүр боламыз. Бұл туралы Атырау қаласында жұмыс жасайтын 11 шағын наубайхана иелері мәлімдеді. Наубайшылар Атырау облысы Кәсіпкерлер палатасында өткен Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңес отырысының барысында көп жылдан бері қордаланып қалған түйткілдерін жеткізді.

Даудың басы жергілікті билік реттейтін «әлеуметтік» нанның бағасы болған. 11 наубайхана атынан олардың ресми мүддесін танытушы ретінде сөз алған кәсіпкер Талғат Қосжановтың айтуынша, Атырау облысында нанды сату бағасын соңғы рет 35 теңгеден 40 теңгеге көтеруді әкімдік 2007 жылы белгілеген болатын. Бір жыл өткен соң мемлекет тарапынан наубайшыларға дотациялық үн беріле бастады. Ол кезде аталмыш ұнның бір келісінің бағасы 47 теңгені құраған еді. Сондай-ақ наубайшыларға нанды дүкендерге бір бөлкесі үшін 40 теңгеден жіберуге тиіс деген шарт қойылады.

– Ол кезде ұн бізге облысқа жеткізіліп тұрды. Оны «КамАЗ» автомашинасымен вокзалдан наубайханаға дейін тасымалдауға кететін шығындар көліктің бір бірлігі үшін 12 мың теңгені құрады. Қазір дотациялық ұнды көршілес Батыс Қазақстан облысынан бір келісі үшін 51 теңгеден сатып алып, өзіміз жеткіземіз. Енді тасымалдау көліктің бір бірлігі үшін 150 мың теңгеге өсіп кетті, яғни ұн бізге бір келісі үшін 63 теңге бағамен келеді. Төртінші тоқсанда Оралда дотациялық ұнның бағасы 60 теңгеге өсті. Сонда әкімдік өкілдері, ұнды 67 теңгеден сатып алатын болсақ, жеткізу мәселелерін өз мойындарына алатындарын айтқан еді. Егер коммуналдық қызметтер тарифтері 2007-2008 жылдардағыдай болса, бұл талапты орындар едік. Аталмыш қызметтер бағасының еселеп өсіп кеткені

бәріне аян, – деп атады Талғат Қосжанов.

Наубайхана иесінің айтуынша, доллар бағамының өсуі де әсерін тигізбей қоймады, себебі барлық жабдықтары шетелде шығарылған. Талғат Қосжановтың өзі қосалқы бөлшектер бағасының қымбаттап кетуі себебінен 6 нан пісіретін пештің 2-і тоқтап тұрғанын атады.

Басқа наубайшылар шағымдары да осыған саяды. Бизнесінің тиімсіздігі салдарынан өндірістерін кеңейту үшін олардың ешқайсысы да банктен кредит ала алмайды.

Дотациялық ұн сапасына қатысты наубайшылар наразылықтары да жетіп жатыр. Олардың айтуынша, пісірілетін нанның сапасын көтеру үшін, коммерциялық нанды сатып алып, оны дотациялықпен араластыруға мәжбүр болып жүр екен. Сонымен бірге олар дотациялық ұнды жеткізу мерзімінің үнемі кешіктіріле беретінін хабарлады.

«2007 жылдан бері барлық коммуналдық тарифтер өсіп келеді, нан пісіруге қажет азық-түлік бағасы өсті, дотациялық ұн бағасының өзі де 50% пайызға жуық өскен. Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. Егер нан бағасын көтермейтін болсақ, жабылуымызға тура келеді», – деп қорытты сөзін наубайхана иесі.

Сонымен қатар, Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңес барысында анықталғандай, қазірде Атырау облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет департаменті жоғарыда

аталған бірқатар наубайханалар иелеріне қатысты нанның сату бағасын 5 теңгеге қысқа мерзімге көтергені үшін бәсекеге қарсы іс-қимыл дерегі бойынша тергеу бастаған.

Аталмыш департамент басшысының орынбасары Болат Сүлеғалиев түсіндіріп өткендей, тергеуді бастауға монополияға қарсы органның өзі анықтаған деректер мен нан бағасының көтерілгені жайлы БАҚ-та жарияланған ақпараттар себеп болған. «Максатымыз сіздерді жазалау емес, әрекеттеріңіздің заңсыз екенін дәлелдеу», – деп сендірді мемлекеттік орган өкілі.

Алайда Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік органның мұндай әрекетін бизнеске әкімшілік қысым көрсету ретінде қарастырады.

«Сіздер мониторинг жүргізуге тиіссіздер. Неліктен тергеу жүргізісіздер, адамдарды қорқытудың қажеті қанша? Аталмыш мәселені облыс мәслихатының тұрақты комиссиясы отырысында жеткізетін боламын. Онда құзырлы тұлғалар қатысады. Бұны бизнеске қысым көрсету деп есептеймін. Олар әлеуметтік маңызы бар өнім – нан өндіреді, жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр, өз күштерімен жұмыс жасайды, ешқайсысы да «Бизнесің жол картасы» бойынша кредит алмаған, осының бәрін ескеруіміз қажет», – деп атады Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңес төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Әлия Бекқожиева.



– Тергеу жүргізер алдында сәйкес бұйрық шығуға тиіс. Бұйрықты ұсындыңыздар. Аталмыш бұйрыққа ірі нан өндірушілер де, ұсақ өндірушілер де бірге енгізілген болып шықты. Бұл дұрыс па? Кез-келген тергеу бұйырақ болған жағдайда прокуратураның Құқықтық және әлеуметтік ақпарат орталығында тіркеледі. Бізге мұндай ақпарат ұсынылған жоқ. Бұл монополияға қарсы комитеттің шағын бизнеске қатысты мұндай «пысықтық» танытып отырған тәжірибеміздегі алғашқы оқиғасы, ірі монополистерге қатысты мұны байқамаған едік. Тағы бір қызықты тұс – әкімдік оларды шақырған бетте, департаментіңізде мәселелер туындай қалады. Бұл ақпаратты қарапайым талдау жолымен алуыңызға болады. Заңға сәйкес мониторинг жүргізуге құқылысыз. Жүргізіңіз, оған қарсы емеспіз. Неліктен бірден тергеу жасалуы керек? – деді Атырау облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Сәрсенбай Жолдыбаев.

Оның ойынша, кәсіпкерлерді дамыту үшін нан бағасын

еркіндікке жіберу қажет. Сондай-ақ әкімдікпен бірге халықтың әлеуметтік әлсіз топтары үшін нады қолжетімді бағамен сататын мамандандырылған дүкендер ашу туралы мәселені шешу қажет. Сонымен қатар аталмыш дүкендерге қолжетімді нанды жеткізуге өндірушілерден тәтігін дайындап шығу керек.

Ао әкімдік өкілдеріне ресми хат жолданса да, отырысқа келмеді. Талқылау қорытындысы бойынша Кеңестің барлық мүшелері өндірушілердің нанға деген нарықтық бағаны орнату қажеттігі туралы және субсидиялаудан бас тартуы жайлы талаптары негізді болып табылады деген ойға келді. Осыған орай облыс басшылығының атына сәйкес хат жолдауға шешім қабылданды. Сондай-ақ Кәсіпкерлер палатасына монополияға қарсы органның бірқатар наубайханалар иелеріне қатысты тергеу жүргізуінің заңдылығына құқықтық сараптама жүргізуді және қажет болған жағдайда кәсіпкерлердің заңды мүдделерін қорғауды тапсыруға шешім қабылданды.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Алматының бизнес қауымдастығы биліктен көмек сұрады

Кәсіпкерлер бизнесті тексеруге 5 жылға мораторий жариялануын сұрайды. Өңір бизнесмендері Алматы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің кезекті отырысында осындай ұсыныс тастады.



Кәсіпкерлер атап өткендей, дағдарыс барлық дерлік қызмет салаларын ауыр тиген. Кәсіпорындардың жүктелу деңгейі 30%-ға жетер-жетпес, сауда ең қарапайым есептеулермен 60% құлдыраған.

Мемлекеттік қолдаусыз жағдайдан шығар жол табу мүмкін емес. ЕАЭО бойынша бәсекелестердің қысымы қазірдің сезіле бастағанын кәсіпкерлер жайып салды. ДСҰ-ға кіретін уақыт болса таяп қалды.

Күн өткен сайын шағын кәсіпкерлікпен айналысушылар әлсіреп, қолдауды қажетсінуде.

– Субсидиялау мәселесі де, мемлекеттік сатып алулар көлемі мен басқа да сатып алулар көлемін арттыру мәселелері алда тұр. Оның үстіне, қаржыгерлердің валюта бағамы төңірегіндегі ахуалды шешуін сұрау қажет, – деп «Белкамит» БК АҚ бас директоры Павел Беклемишев ойын ортаға салды. «Корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер жайлы үлкен сауалым бар. Шын мәнісінде, біз мемлекетке аванс беріп отырмыз. Аталмыш анархизациялық саясат негізгі қорлар құнының ұлғаюына, салық жүктемесінің өсуіне ұласады», – деп хабарлады Қазақстанның Тамақ кәсіпорындары одағының президенті Анатолий Попелюшко.

Ерлан Стамбековтың ойынша, ҚҚС төңірегіндегі мәселені шешіп алатын кез келді. «Қосылған құн салығын паразиттік салық деп санаймын, оны мүлдем алып тастау керек. Жаңа салық реформасының табалдырығында тұрмыз, және де оның біздің қатысуымызсыз, бизнестің пікірінсіз талқылануына әрі қабылдануына жол бермеуіміз керек»,

– деп есептейді кәсіпкер, Өңірлік Кеңес мүшесі Ерлан Стамбеков.

«Тұран экспресс» компаниясының бас директоры Роман Ботабековті бәрінен бұрын мемлекеттік органдар тарапынан болатын қаптаған тексерулерді сөз етті.

– Қазір онсыз да оңай тиіп жүрген жоқ. Дағдарыста бюджетті толықтыру бойынша негізгі жүктеме бизнестің иығына түседі. Биліктен тексерістерге 5 жыл мораторий жариялануын сұрайық!, – деп ұсынды ол Өңірлік кеңес мүшелеріне.

Алматы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесі отырысының қорытындылары бойынша толғақты түйткілдерді шешу жөніндегі ұсыныстар «Атамекен» ҰКП Орталық аппаратының қарауына жолданады.

Дағдарыс кезінде барлық ауыртпалық шағын және орта бизнес өкілдерінің мойнына түсетіні жасырын емес. Сондықтан осындай қиын кезеңде мемлекет кәсіпкерлерге салықтық жеңілдіктер ұсынып, олардың дағдарыс жағдайында қиналмай жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызуы керек-ақ. Осы тұрғыдан алғанда Алматы кәсіпкерлерінің биліктен көмек сұрауы өте орынды. Бұған қоғам болып қолдау білдіруіміз керек.

Мемстаудағы іргелі өзгерістер

Электронды форматта шарт жасау маңызы

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен кешегі жалпы отырыстарында сенаторлар «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасын бірден екі оқылымда қабылдады. Ұлт жоспарының 56-қадамын іске асыратын, әрі Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның шешімімен әзірленген бұл заң енді Елбасының қол қоюына жолданады.

Құжатты Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов қорғады. Негізгі жаңалықтарын да өзі түсіндіре кетті:

– Аса көтеріңкі бағалар бойынша бюджетті жоспарлау проблемасын «тек қана электрондық форматта шарттар жасау» арқылы шешу ұсынылады. Осы шара сатып алынатын тауарлар бойынша толық ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, тапсырыс берушілердің бюджеттері прайс-парақтар негізінде емес, веб-порталда жасалған орташа сатып алу бағалары негізінде қалыптасады, – деді министр.

Кейбір жемқор шенеуніктер тендер талаптарын нақты бір жеткізушінің ерекшеліктеріне ыңғайлап, құрады. Келер жылдан бастап бұған тосқауыл қойылмақ. «Техникалық спецификацияларды таңдаулы өнім жеткізушілерге сай дайындауға жол бермеу мақсатында осы заң жобасы «конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау» институтын (тетігін) енгізеді. Осы шара өнім өндірушілерге техникалық ерекшеліктермен және талаптармен алдын ала танысуға және олар бойынша тапсырыс беруші органға ескертпелерін айтып, негізсіз талаптарды жою жөнінде өтініш жасауға мүмкіндік береді», – деді Б.Сұлтанов.

Қолы да, ниеті де таза емес лауазымды тұлғалар қолданатын тағы бір коррупциялық схема «женуі мүмкін басқа әлеуетті компанияларды тендерге жібермеуді» қарастырады. Бұл ретте ол компаниялардың конкурстық өтініштері негізсіз, еш түсіндірусіз кері қайтарылып жатады. Бұл түйткілді мәселені шешу үшін заң жобасы бойынша бұдан былай тапсырыс беруші мекеме құжаттарды негізсіз қайтармауға, егер қайтарса, соған салмақты негіз болған себептерді «толық және нақты сипаттауға» міндеттеледі.

Жемқорлыққа қарсы жойқын соғыс ашылады. Елімізде жемқорлықпен күрес «дағдарысқа қарсы шараға» теңелді! Өйткені жемқорлардың жымқыруынан «құтқарылған» миллиардтаған ел қаржысы мемлекет пен халыққа игілік әкелер шараларға арна тартып, экономиканың үлкен күйзеліске ұрынбауына қосымша ықпал етеді.



Бұл талап сақталмаған жағдайда заң жобасы бойынша лауазымды тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткіш (20 мың теңгедей) мөлшерінде айыппұл салынады және «әкімшілік жауаптылығы көзделеді».

Конверттерді ашуға бәрі қатысады

Адал өнім жеткізушілердің жігерін жасыратын жемқорлардың тағы бір «жойқын» қаруы – әртүрлі сылтаумен конверттерді ашу рәсіміне олардың өкілдерін жібермеу болса керек. Мысалға, «рұқсат беру бюросы» ол адамдарға ғимаратқа кіруге жол ашатын тілдей рұқсат қағазды бермей тастайды. Нәтижесінде, бәсекелестері «жеңімпаз» компанияның қандай артықшылығы арқасында алға озғанын біле алмай пұшайман болады. Бұл бағытта қандай шара қолданылмақ?

– Сатып алуға қатысушыларға енді өтінімдер ашылғаннан кейін бәсекелесінің құжаттарын қарауға ұлықсат етіледі. Бұл өзара бақылауды қамтамасыз етеді әрі нақты бір өнім жеткізушінің таңдалу себептерін бағалауға мүмкіндік береді, – деп түсіндірді министр.

Сатып алу қорытындыларын даулаудың тиімді тетіктерін белгілеу мақсатында Қазақстанда алда «шағымды қарау кезеңінде шарт жасасуды он күнге тоқтата тұру» тәжірибесі енгізіледі. Қазіргі кезде тіпті дау-жанжал жүріп жатса да, меморган мен «жеңімпаз» жеткізуші шарт жасаса береді. «Бұл жосықсыз тапсырыс берушілерге, жемқорларға заңнаманы бұза отырып, өздері көздеген сатып алуды жүзеге асыруға жол ашады», – деді Б.Сұлтанов.

Арамкол тапсырыс берушілер пайдаға жарататын тағы бір схема – сатып алу байқауында адал жеңіске жеткен компанияның өнімін қабылдамай тастап, орнына жаңа байқау жариялауға саяды. Бұған тосқауыл бола ма?

– Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз бас тарту және уақтылы төлем жасамау мәселелері шешіледі. Осы мақсатта заң жобасында біріншіден, өнім жеткізушіге толық төлеу үшін 30 күннен аспайтын мерзім белгіленді. Екіншіден, орындалған жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің электрондық шот-фактураларының электронды актілері қолданылатын болады, – деді Қаржы министрі.

Тендерді кеш өткізуге тосқауыл қойылады

Тағы бір жаңалық бар. Кейде жауапты тұлғалар бюджеттің бекітілмегеніне қарайлап, сатып алуларды тым кеш өткізеді де, өнім жеткізушіге оның талаптарын өз мерзімінде орындау қиынға соғады. Осының кесірінен, ақыр соңында «бәріне жеткізуші айыпты» деп табылып, оның атақ-абыройына, беделіне нұқсан келеді.

– Мемлекеттік сатып алулардың уақтылы өткізілмеу проблемалары заң жобасында «алдын ала жылдық сатып алу жоспары» институтын енгізу арқылы шешіледі. Атап айтқанда, тапсырыс берушілерге мемлекеттік сатып алуды бюджет бекітілмес бұрын, бюджеттік комиссиясының оң қорытындысы негізінде-ақ жүргізе беруге рұқсат етіледі. Ұсынылып отырған шаралар бюджет қаражаттарының игерілмеу проблемаларын шешеді, сондай-ақ сатып алу процесін қысқартады, – деді министр.

Жалпы, жаңа заң бұдан басқа да бұрын-соңды болмаған жаңашылдықтарды ала келмек. Мәселен, Қазақстанда сатып алудың жаңа тәсілі – «алдын ала біліктілік іріктеу арқылы конкурсы» енгізіледі. Ол нені білдіреді? Қаржы министрлігінің түсіндіруінше, «компаниялардан әр конкурсықа құжаттарды тапсыру талап етілмейді және өнім жеткізушінің біліктілігі бір рет қана іріктеледі».

Жаңа заң жемқорлыққа жиі ықпал ететін «бір көзден сатып алу» үлесін төмендетпек. Нақтырақ айтқанда, мұндай сатып алуларға негіздеме саны қазіргі 68-ден 54-ке дейін қысқартылады. Бұдан бөлек, «бір көзден сатып алу» тәсілін қолдануға рұқсат беретін талаптар қатаңдатылды.

Осындай сатып алулар бойынша шарттар енді электрондық түрде жасалынады. Бұл ретте «тапсырыс беруші таңдалған өнім берушіні және жасалған шарттың бағасын көрсете отырып, есеп беруге міндетті». Бұл ақпарат сатып алулар жөніндегі мемлекеттік веб-порталға орналастырылып, жұртшылыққа жария етіледі.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, осы заң жобасы бюджеттен мемлекеттік сатып алуларға бөлінетін қаражаттардың 4 триллион теңгеден астамын қамтитын болады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Оқу үшін 40 млн. доллар қарыз алмамыз

Қазақстан елдегі кәсіпкерлерді оқыту үшін Халықаралық қайта құру және даму банкінен 40 миллион доллар қарыз алмақ. Бұл туралы, Парламент Сенатының комитет отырысында жалпы құны – 46 миллион долларды құрайтын шағын және орта бизнесті дамытуға арналған жобаның таныстырылымында белгілі болды.

Айта кетерлігі жобаға жұмсалатын 6 миллион доллар ел қазынасынан бөлінеді деп жоспарлануда. ҚР Ұлттық экономика министрінің орынбасары, Тимур Жақсылықов ауқымды қаржыны талап еткен жоба туралы: «Жобадан Барлығы 6 халықаралық сарапшы болады. Олар Қазақстан мамандарынан 750 бизнес-тренерлерді дайындап шығарады. Бизнес-тренерлер болса 3 мың кеңесшіні оқытып, сол кеңесшілер алдағы 5 жылда 70 мыңға жуық кәсіпкерге қаржылық емес қызмет түрлері бойынша жан-жақты қолдау көрсетеді. Нәтижесінде елімізде білікті бизнес мамандары мен кәсіпкерлер саны артады» – деді. Соңғы уақыттардағы мемлекеттік бюджеттің екі бүйірінен қысқан экономикалық дағдарыстың оның ішінде көк қағаздың қымбаттауы – Қазақстанның сыртқы қарызын 20 пайызға еселей түскен. Осылайша үкіметтің сыртқы қарызы 7 триллионнан асып жығылды.

Жиында Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім туралы заң жобасын қараған сенаторлар қарыздың үстіне қарыз алудың дәл қазіргі уақытта қисынсыз екендігін айтып дабыл қағуда. ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қуаныш Айтаханов: «Министрліктің болжауы бойынша, бұл несиелер негізінен консультациялар мен жаттықтырушы шеберлерді даярлау үшін тренингтерге, семинарлармен оқуларға, солардың әртүрлі жолсапар шығындары мен тамақтандыруларына жұмсалады екен. Қарызға алғалы отырған 40 миллион АҚШ доллары 12 миллиард теңгені құрайды. Ал қазіргі жағдайда 1 миллиард теңге таба алмай, әр теңгені есептеп отырмыз. Осындай кезеңдеосыншалықты көп қаржыны жұмсау артық емес па?» – деді. Десе де Ұлттық экономика министрі таныстырған заң жобасы бір ауыздан қабылданды. Аталған құжат алдағы уақытта палатаның жалпы отырысында қаралмақ.

Экономикалық көрсеткіш бойынша алда

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшы елге айналуы мүмкін. Бұл туралы Ресей Халықаралық істер жөніндегі Федерация кеңесінің өкілі Владимир Джабаров мәлімдеген.

Ресейлік сенатордың айтуынша, Қазақстан табиғи байлығын тиімді пайдаланып отыр. Қазақстан бақуаттылық көрсеткіші бойынша одақтас елдерден асып түсіп, 56-шы орыннан көрінді.

Жыл қорытындысы бойынша, Беларусь 10 позицияға төмендеп, 63-ші орынға табан тіреді. Украина 63-тен 70-ші орынға түсті. Ал Ресей, керісінше, өз

позициясын 10 сатыға нығайтып, 58-ші орынға шыққан. Джабаровтың айтуынша, ұлттық валюта теңге девальвациясы Қазақстанның экономикасына ем тәрізді әсер етті.

«Қазақстанда экономика либералды түрде тиімді жұмыс істеп жатыр. Қазақстан – біздің Еуразиялық одақтағы ең жақын серіктесіміз. Біздің бірінші болғымыз

келетіні түсінікті, бірақ серіктестердің үлгі болғаны да жаман емес. Қалай болғанда да, мұны қабылдауымыз керек. Қазақстанға Қытай мен батыстан көптеп инвестиция келіп жатыр. Егер Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақта фламан елге айналса, бұл тек қуантарлық жәйт», – деді Джабаров.



Қаржыны иегере алмаған әкімдер сыналды

Әкімдер жұрттың әлеуметтік жағдайын жақсартуға деп бюджеттен бөлінген қыруар қаржыны биыл да ұсата алмады. Жыл аяқталып қалғанымен қазынаның бір жарым триллион теңгесі әлі сол күйі қозғалмаған. Салдарынан мыңдаған отбасы баспанасыз қалды.

Ал қаншама үй, жылу, жарық, суға жарымай отыр. Үкіметтегілер жергілікті биліктің бұл әрекетін алаяқтыққа тенеді. Бұл жолы да халықтың жағдайын жақсарту үшін бөлінген ақшаның 60 пайызы ғана игеріліпті. Әкімдер сонда да тойымсыз деп шүйлікті үкіметтегілер.

– Биыл бюджетті жоспарлағанда аймақтар сұраған қаржыны 2 триллион теңгеге қысқарттық. Әкімдердің қолын биыл қайтарсаң, келесі жылы қайта өтініш жазады, – дейді Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов.

Бірақ сол әкімдер бар ақшаны ұсата аламай отыр. Мәселен, баспана салу үшін биыл қазынадан 140 миллиард теңге бөлініпті. Соны шенеуніктер орынды жұмсай алмаған. Салдарынан қаншама отбасы үйсіз жүр.

«Жалға берілетін үйдің құрылысына келсек, бюджеттен бөлінген 92 миллиард теңгенің тек 51 миллиарды игерілген. Ал, құрылысы бұрын басталған жобаларды аяқтау үшін 30 миллиард теңге қарастырылған. Жалпы, бұл салада 355 миллион теңге игерілмей қалалады деген қауіп бар», – дейді ҚР Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, жұртты жұмыспен қамту бағдарламасына, жылу жүйесі мен су құбырларын жаңартуға бөлінген қаржы да желге ұшқан. Әсіресе, Павлодар, Жамбыл, Алматы, Атырау, Маңғыстау



облыстарындағы жағдай сын көтермейді. Ең сорақысы қара тізімді Астана бастап тұр. Елордадағы шенеуніктер 7 миллиардқа жуық теңгені ұсата алмапты.

Бюджет қаржысының орынды жұмсалыуына қатысты Бас прокуратура да тексеру жүргізген екен. Құзырлы органның мәліметін көріп, жағамды ұстадым дейді Дариға Назарбаева.

– Тексерудің нәтижесінде көптеген заңбұзушылық анықталған. Бұл дегеніміз қазына қаржысын ысырап ету, алаяқтық. Жергілікті билік жауап беруі тиіс. Қазір облыстарда жеті мемлекеттің бағдарлама жүзеге асырылуда. Бұл бағытта бөлінген ақша да сол әкімдердің қолында, – деді премьер-министрдің орынбасары Дариға Назарбаева.

Әкімдер бар ақшаны далаға шашып жатса, мұнай өңдейтін зауыттарды жөндеу жұмыстарына ақша жетпей жатыр. Қаржының тапшылығынан Атырау мен Шымкенттегі мұнай өңдеу зауытында жаңарту кейінге қалдырылуы мүмкін. Яғни, үкіметтің 2017 жылы жанармайдан тапшылығынан құтыламыз деген уәдесі де сөз жүзінде қалмақ. Ал, қара алтын құнының құлдырауынан келесі жылы 47 мың мұнайшы жұмыстан қысқарып қалуы мүмкін.

– Қазір бізде ақша тапшы, бәріне жетпей жатыр. Сондықтан мемлекеттің әр тиынын есептеп, үнемдеуіміз керек, – дейді Премьер-Министр Кәрім Мәсімов.

Сонымен, бюджеттен бөлініп қойған 1 жарым триллион теңге игерілмей бос жатыр. Сын естіген шенеуніктер қыруар қаржыны небары бір жарым айдың ішін орынды жұмсап үлгереміз деп сендіріп отыр. Ал ұзақ үзілістен кейін министр мен әкімдерді 4 сағат бойы сілкіген Кәрім Мәсімов 8-ші желтоқсанға дейін екі маңызды құжат: жұртты жұмыспен қамту және дағдарысқа қарсы бағдарламаларын қабылдап үлгеруге тапсырма берді.

Дағдарыс кезінде облыс әкімдерінің мұндай енжарлығын еш ақтауға келмейді. Осыған дейін әкімдер ҰБТ бойынша жұмыстарына баға беріп келгеніміз жасырын емес. Алдағы уақытта әкімдер жұмысының мемлекет қаржысын тиімді игеруімен бағалаудың мәні зор сияқты. Иә, шикі жобалар үшін Үкіметтен қыруар қаржы алып алады да, соңында жобадан бір кілтипан пайда болып ақша игере алмай, айыпты болып жатуы әдетке айналып барады. Сондықтан облыс әкімдерін біліктілікті жетілдіру курсынан өткізіп алуының маңызы зор сияқты.

Бизнеске бөлінген қаржы игермеген

«Бизнесің жол картасы – 2020» жобалары бойынша Шығыс Қазақстан облысы бөлінген қаражаттың 95 пайызын игермеген. Бүгін Үкімет отырысында «Нұрлы жол» бағдарламасының жүзеге асуы бойынша баяндама жасаған Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев осылай мәлім етті.

Министрдің сөзіне қарағанда, бағдарламаның «Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау» бағыты бойынша 2015 жылға 100 млрд. теңге бөлінсе, соның 73 млрд. теңгесі немесе 73 пайызы игерілген. Бұл ретте ведомство басшысы «Бәйтерек» холдингінің жыл соңына дейін 7,5 млрд. теңгені игеруді қамтамасыз етуі қажеттігін атап өтті.

«Бизнесің жол картасы – 2020» жобалары үшін қажетті инфрақұрылымды салуға 9,8 млрд. теңге шамасында бюджет қаражаты бөлінді, олардың ішінде 5,4 млрд. теңге 8 индустриялық аймақтағы инфрақұрылымдарды қаржыландыруға, 4,4 млрд. теңгесі кәсіпкерлердің 40 жобасын қаржыландыруға бөлінген. Аталған қаражатты игеру көрсеткіші 68 пайызды құрап отыр. Конкурстық үдерістердің кешеуілдетілуіне байланысты Шығыс Қазақстан облысында қаражаттың игерілмеу көрсеткіші 95 пайыз (жоспар бойынша 567,5 млн. теңге болса, игерілгені 25,9 млн. теңге немесе 5%), Жамбыл облысында – 24% (жоспар 578 млн. теңге, игерілгені 444,5 млн. теңге немесе 76%), Оңтүстік Қазақстан облысында – 22% (жоспар бойынша 2 млрд. 870 млн. теңге, игерілгені 2 млрд. 250 млн. теңге немесе 78 пайыз) құрап отыр. Қалған облыстарда игерілген қаражаттар қаржыландыру жоспарының 93 пайызынан асады», – деді Е. Досаев.

Министрдің айтуынша, нақтыланған бюджет бойынша ағымдағы жылдың соңына дейін бағдарламаның осы бағытында 3 млрд. теңгені игеру қажет.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Қазақстандық үлес 78 пайызға жетті

Биыл «Самұрық-Қазына» қоры Қазақстанның тауар жеткізушілерімен екі мыңнан аса келісімшарт жасасқан. Бұл туралы бүгін «Интеграциялық процестерге байланысты Қазақстанның тауар өндірушілеріне қолдау көрсету» тақырыбында ОКҚ-інде өткен брифинг аясында «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев мәлім етті.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры ұлттық компаниялардың сатып алу жүйесінде зор үлеске ие. Яғни, қор мен оның еншілес компаниялары жыл сайын көп тауарлар мен қызметтерді сатып алады.

«Самұрық-Қазына» компаниясымен бірлесіп отырып, 2015 жылы 883 млрд

теңге сомасында 2114 келісімшартқа қол қойдық. Бұның ішінде, тауарлар жөніндегі келісімшарттардың үлесі 606 құрайды, келісімшарттардың жалпы құны 307 млрд теңгені құрайды», – деп хабарлады Н.Әлтаев.

Ал «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС бас директоры Серікбек Елшібековтің айтуынша, соңғы бес жылда қордың сатып алу жүйесіндегі қазақстандық үлестің көлемі 50 пайыздан 78 пайызға дейін артқан. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» мен оның еншілес компаниялары еліміздің бірқатар өңірлеріне барып, жергілікті кәсіпкерлермен 548 млрд сомасындағы меморандумдарға қол қойған.

«Самұрық-Қазына» қоры ел экономикасының негізгі қозғаушы күші екені белгілі. Сондықтан мұндағы әрбір келісім-шарт мөлдір болуы шарт. Осы тұрғыдан алғанда алып қордың шағын және орта бизнеспен арадағы жұмысы жұрттың назарында болуы тиіс.

Қазақстанның активтері 92.5 млрд доллар

Қазан айының соңындағы жағдай бойынша Қазақстанның халықаралық активтері 92.5 млрд долларға жетті. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы Данияр Ақышев осылай мәлім етті. Еске сала кетейік, жалпы отырыста «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы талқыланған болатын.

– Қазан айының соңында Ұлттық банктің халықаралық резервтері 28.7 млрд долларды құрады. Ұлттық Қордың шетел валютасындағы активтері 63,9 млрд долларды құрады. Тұтастай алғанда еліміздің халықаралық активтері 92,5 млрд долларға жетті, – дейді Ұлттық банк басшысы.

Оның айтуынша, 2015 жылдың 10 айында депозиттер 14,6 трлн теңгеге дейін немесе 24,6 пайызға өскен. Сонымен қатар, шетел валютасын депозиттер үлесі 55 пайыздан 66 пайызға дейін артқан. «Бұл ұлттық валютаның әлсіреуінен

кейін қайта бағалауға байланысты болды. Банктердің экономикадағы кредиттер көлемі 12 трлн. теңгені құрап отыр. Қазіргі күні кредиттерді жандандыру жұмысы жалғасатын болады», – деді Д. Ақышев.



САМУРЫК
КАЗЫНА



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN